

Тасилова А.А.
**«Қоғамдық дипломатия»
термині және оның қызметі**

Қоғамдық дипломатия деген сөз барша адамға саясат туралы ой қалыптастырып қойған. Дипломатияны, көбіне, ресми қарым-қатынас жасау арқылы мемлекеттің сыртқы саяси мақсаттары мен мүдделерін іске асыратын мемлекеттік іс-әрекеттің ерекше түрі ретінде қарастырады. Осы жағдайды ескере отырып оның журналистикаға өте жақын екенін айта кеткен дұрыс. Дипломатия – сыртқы саясатты жүргізуге арналған аса маңызды құрал, үйлесімді құрамдас бөлік, бірақ алыс шетел мен көрші Ресейде бұл ұғым тек саясаттануда ғана емес коммуникациямен жақындастырып, журналистикамен жақындастыра қарастырып, ақпарат ағымын «қоғамдық дипломатия» деп атап алған.

Түйін сөздер: дипломатия, коммуникация, саясат.

Tassilova A.A.
**The term of «Public Diplomacy»
its role and functions**

Public diplomacy – a tool for long-term action rarely lets achieve desirable in certain situations, but to create a favorable climate for foreign policy in general. Under public diplomacy meant different things at times, and it is not possible to develop a comprehensive balanced strategy. Public diplomacy is promoting national interests and ensure national security by examining attitudes of foreign public opinion, informing it and the impact on those who view it generates. Public diplomacy is mainly aimed at a mass audience. It proceeds from the assumption that public opinion can have a significant influence on their governments and political systems. Any kind of public diplomacy aimed at a specific audience, this audience uses the appropriate language and imagery. It allows her to achieve the intended policy objectives.

Key words: diplomacy, communication, policy.

Тасилова А.А.
**Термин «Публичная
дипломатия» и ее функции**

Публичная дипломатия – это инструмент долгосрочного действия, редко позволяющий добиться желаемого в отдельной ситуации, но создающий благоприятный климат для внешней политики в целом. Под публичной дипломатией понимаются порой совершенно разные вещи, и это не позволяет выработать комплексную сбалансированную стратегию. Публичная дипломатия в основном нацелена на массовую аудиторию. Она исходит из того предположения, что общественное мнение может оказать значительное влияние на свои правительства и на политические системы. Любой вид публичной дипломатии направлен на определенную аудиторию, использует соответствующий этой аудитории язык и образы. Именно это позволяет ей достичь намеченных политических целей.

Ключевые слова: дипломатия, коммуникация, политика.

«ҚОҒАМДЫҚ ДИПЛОМАТИЯ» ТЕРМИНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

2005 жылы әлемге танылаған «қоғамдық дипломатия» («Public diplomacy») түсінігі әр түрлі тіркесте қазір айтылып жүр. Әуелі дипломатия сөзіне түсіндірме берсек ол – мемлекеттің сыртқы саяси мақсат міндеттерді жүзеге асыру мен шетелдердегі мемлекет мүддесін қорғау тұрғысындағы Ел басшысының үкіметтің және арнауы органдардың ресми қызметі болып табылатыны белгілі. Дегенмен қоғамдағы дипломатияның ауқымы мемлекеттің ресми қызметімен ғана шектеліп қоймайды. Көптеген әдебиеттерде дипломатияға «сыртқы қатынастар жөніндегі ғылым», «келіссөздер жүргізу өнері» секілді анықтамалар берілген. Осы тұрғыдан алғанда дипломатияның дамуына үкіметтік акторларымен қатар, халық, қарапайым халық өз үлесін қосуда. Ғылыми әдебиеттердегі дипломатия ұғымына берілетін анықтамаларды төмендегі нұсқаларға тоғыстыруға болады:

- атқарылатын міндеттердің нақты жағдайы мен сипатына қарай мемлекеттің сыртқы саясатын бейбіт түрде нақтылы іс-шаралар, тәсілдер мен әдістер арқылы іске асыру құралы;
- мемлекет пен үкімет басшыларының, сыртқы істер министрлерінің, сыртқы істер ведомстваларының, шет елдегі дипломатиялық өкілеттіліктердің, халықаралық конференцияларға қатысушы делегациялардың мемлекеттің сыртқы саясаттың мақсаты мен міндетін іске асыру, мемлекеттің және оның мекемелері мен азаматтарының шет елдегі құқы мен мүддесін қорғау тұрғысындағы ресми іс-әрекеті;
- халықаралық қақтығыстардың алдын алу немесе оларды реттеу, ымыраға келу мен өзара тиімді шешім жолдарын табу, сонымен бірге, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту мен тереңдету мақсатында келіссөз жүргізу өнері.

Дипломатия – жалпы адамзаттың әлеуметтік-мәдени, қоғамдық-саяси болмысының, қоғамның сыртқы халықаралық қатынас индустриясы өндірісінің нәтижесі. Елбасы Н.ә. Назарбаев дипломатиялық істі бағалай келіп: «...дипломаттың миссиясы құрметті де жауапты, елші мемлекет атынан сөйлейді, ол ұлттық мүдделерді қорғайды. Елші болу- дипломат қызметінің шырқау шыңы және айрықша жауапкершілік. Елші ең жоғары өлшемдерге сәйкес болуы тиіс...», - деп көрсетеді. Дипломатиялық әрекеттің негізгі формаларына тікелей келіссөздер жүр-

гізуді, келісім-шарттарға қол қоюды, келісімдер жасауды, мемлекетаралық немесе аймақтық мәселелерді шешу үшін мемлекет өкілдерінің қатысуымен конференциялар өткізу және т.б. жатқызуға болады.[1] Сонымен қатар жаһандану дәуірінде дипломатия ұғымы кеңейе түскен. Азамат пен халық сөздерінің мағынасы бір болғандықтан бұл тіркес әр түрлі қолданысқа ие. Ал осы сөздерге «дипломатия» сөзін қосып алғаш рет 1960 жылы АҚШ-та термин пайда бола бастады. Елімізде бұл тақырып көп зерттелмеген. Бірақ «халықтық дипломатия» тақырыбында диссертациялық жұмыс жазылған. Сол жүргізілген зерттеулерге сүйенсек «қоғамдық дипломатия» тіркесін төмендегідей тіркестермен қазір қолданып жүр олар: «мәдени дипломатия», «халықтық дипломатия», «жаңа дипломатия», «сыртқы саясаттың төртінші өлшемі» және «жария дипломатия». Қарап отырсақ барлық терминдердің түпкі мағынасы мен негізгі көздеген мақсаты, рөлі мен жұмысы, ұғымы тамырлас екенін байқаймыз.

Қоғамдық дипломатия терминін алғашқы анықтамасын 1966 жылы Эдвард Гуллиан анықтады. Гуллианның пікірі бойынша: «Қоғамдық дипломатия деп қоғамдық қатынастардың ықпалы арқылы сыртқы саясатты жүргізу» (Gullion's «Public Diplomacy deals with the influence of public attitudes on the formation and execution of foreign policies»). Зерттеу тақырыбымызға орай Қоғамдық дипломатияның бүгінгі атқаратын рөлін сараласақ. Бұл терминнің өзі Америкада пайда болғандықтан зерттеу барысында көбіне батыс елінің зерттеушілері жазған еңбектерінен мысалдар мен ұсыныстар алдық. Әлемге танылғанына не бәрі он жыл ғана болғандықтан тіпті Ресей зерттеушілері мен саясаткерлері бұл тақырыпты «жаңа ұғым», «жаңа идея» «жаңа саяси бағыт» ретінде қарастырып отыр. Ғалымдардың пікірлеріне сүйенер болсақ сыртқы саясатты дұрыс жүргізуге кейде шетел өкілдерінің пайдасы басым көрінеді. Ол яғни бір елді басқа елге таныту мақсатында жүргізілетін жұмыстар. Мысалы үшін белгілі бір ел туралы жақсы пікірді шетелде ұтымды жүргізер болса, одан әсер алған шетелдіктер ө пікір қалыптастырады. Кейіндеу бұл ақпарат басқаларға тарап, қоғамдық пікір туғыза бастайды. Міне дәл осы түсіндірме арқылы біз «қоғамдық дипломатия» неліктен «азаматтық», «халықтық» деп түрленегінің түсінеміз.

Дипломатиялық қарым қатынас ендігі жасырын, жабық бола алмайды. Ашық дипломатия термині қазір көп айтылып жүр. Өмір сүріп жатқан ғасырымыз ақпарат ғасыры болғандықтан

«ақпарат ағыны» өте кең. Мысалы үшін телеарналар, газет журналдар, ең басты ақпаратпен қамтамасыз етуші ол ғаламтор екені рас. Осы тұрғыдан алып қарасақ. Қоғамдық дипломатия ол кең ұғым. Ол тек саяси тұлғалардың арасында ғана жүретін, мемлекетаралық болатын қарым-қатынас ғана емес. Ол дипломатияның өзінше бөлек орыны бар. «Халықтық дипломатия» ол кез-келген тұлға араласатын, өзара қарым-қатынас жасайтын, қоғамдық пікірді туғызатын құрал. Енді «қоғамдық дипломатияның» бір тармағы жас ерекшелігіне қарамай, мамандығына бөлінбей, ақпарат алмасу, өзара диалог немесе танысу арқылы жүзеге асырса болады. Шетел зерттеушілерінің қоғамдық дипломатия мен журналистиканың түпкі шығу тегі бір, айырмашылығы жоқ деген пікірде. Яғни дипломатияның көздеген мақсаты аудиторияға «ықпал» жасау болса, журналистиканың да мақсаты «ықпал» яғни ағылшынша (influence) дегенді білдіреді. Осы терминді алғаш қолданысқа ендірткен зерттеуші Гуллионның айтуынша «Дипломат пен журналист көп қасиеттерімен ұқсас, кей кезде ортақ қызметі бар» деген пікірді ұсынған. («Gullion was convinced that diplomats and journalists had much in common»). Осыған байланысты зерттеушілердің пікірін келтірсек. «Халықтық дипломатия дәстүрлі ақпараттық насихаттық әдіс тәсілдерінің өзіндік орны бар, әйтсе де олар алдыңғы уақыттардағыдай тиімділікке ие емес. Телеарналар, радио, газет журналдар шетелдік тұтынушыларға ел туралы мәліметтерді жеткізудің маңызды арналары ретінде қала бергенімен коммуникациялық конвергенция жағдайында интернеттің тиімділігі бірнеше мәрте артып отыр. Әлемде кейінгі уақыттардағы оқиғалар Қазақстанның осы бағытта да көптеген мақсат міндеттерді жүзеге асыру қажеттігін көрсетіп берді. Еліміз былтырғы жылдан бері «Ақпараттық Қазақстан – 2020». Мемлекеттік бағдарламасын іске асыра бастады. Бұл Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты ақпараттық қоғамға өтудің шарттарын қалыптастыруға бағытталған». [1]

Қоғамдық дипломатия бұл жағынан қарағанда көбіне коммуникацияға жақын деп түсінік берді ғалымдар. «Қоғамдық дипломатия рөлін айқындату үшін, оған итермелейтін ықпал ретінде «коммуникациялық технологиялардың көмегі қажет. Бұл коммуникациялық технологиялар ақпарат тарату каналы ретінде өте ыңғайлы құрал. Міне Гуллионның тұжырымдамасы осында.» («the definition furthermore establishes that communication technologies play a central role both in motivation the need for PD and as channels

for imparting information. A further explanation from Gullion helps explain the communicative aspects of these methods for influence.» Ал Американдық саясаткер Хамилтон Хьюс: «Қоғамдық дипломатия ол бір бағыттағы жол емес. Бұл және хабарлама тарату емес. Бұл қарым-қатынас, байланыс. Қоғамдық дипломатия – қарым-қатынасты дамыту мен міндеттемелер процесі. Біз батыл түрде кең көлемде қоғамның барлық элементтеріне, әсіресе жастарға жетуіміз керек. Біз жалған ақпаратқа тосқауыл қойып, біздің идеяларымызды шешендікпен, күшпен жеткізуіміз керек».[3]

Ақпарат ғасырындағы қарым-қатынас демократизациялануда. Ақпарат алу оны тарату, немесе, дискусияға түсу, ойды ашық айту, оны бөлісу секілді процесс жетілген уақыт. Сондықтан, ешқандай шетелдік саясаткер қоғамға, адамдарға ақпарат арқылы әсер етпесе, көздеген мақсатына жете алмайды.[2] Осындай пікірге шетел зерттеушілері сүйеніп отыр. Зерттеу тақырыпқа қатысты «Азаттық радиосы» сайтында жарық көрген мақалаға көшсек. Мақала «АҚШ студенттері ашық дипломатия практикасынан өтуге келді» деп аталады. Бұл зерттеушілер Алматы қаласына Эмерсон университетінен келген. Олар халықаралық коммуникация және ашық дипломатия курсынан тәжірибе жасаған. Мақала барысында атап өткендей, «қоғамдық дипломатия» түсінігі әр түрлі айтылып жүр. Бұл жерде біз терминнің «ашық дипломатия» деп өзгергенін көріп отырмыз. Зерт-

теуші топтың жетекшісі Грегори Пейн АҚШ, Эмерсон университетінде «ашық дипломатия» курсынан дәріс беруші. Оның пайымдауынша ашық дипломатия мынадай: «әдетте ашық дипломатия ұғымы белгілі бір елдің халқымен байланыс, яғни коммуникация орнату дегенді білдіреді. Оның мақсаты – сол елде тұратын адамдармен қарым-қатынас орнатып, оларға ақпарат тарату және ықпал ету. Егер дәстүрлі дипломатия үкіметаралық қатынастар болса, ашық дипломатия – мемлекеттер немесе ұйымдардың басқа елдердің азаматтарымен (халқымен) қарым-қатынасы». [4]

Коммуникация мен психология мамандығы бойынша оқитын 21 жастағы студент Бекка Хокенбокенді мәдениетаралық коммуникация мәселесі қызықтырады, оның айтуынша : Шынды айтсам, бұрын Қазақстан туралы ештеңе білмейтін едім. Енді осы мүмкіндікті пайдаланып, елді жақынырақ танып-білсем деймін. Сапарымыз қысқа болғанымен, Алматыда өткізетін бір аптада талай нәрсеге көзіміз ашылып, бұл апта біз үшін қызық оқиғаларға толы болатын сияқты . Өзім орыс тілінде сөйлеп, жаттығу мүмкіндігі туғанына қуаныштымын, – дейді Бекка Хокенбокен.[4]

Қоғамдық дипломатия дамытуды қажет ететін жаңа түсінік. Дұрыс жүргізілген қоғамдық дипломатия арқасында сыртқы саяси қатынастар, мемлекетаралық келіссөздер, брэнд пен белгілі пікір туғызу мүмкіндігі пайда болатынын аңғардық.

Әдебиеттер

- 1 Абжапарова Л.Ж. «Халықтық дипломатия- халықаралық гуманитарлық ынтымақтастықтың даму кепілі ретінде (қазақ-түрік қатынастары мысалында)». Алматы. 2014
- 2 James Pamment. New Public Diplomacy in the 21st Century. A comparative study of policy and practice.USA.NY.2013
- 3 <http://www.azattyq.mobi/a/1161696.html>
- 4 http://www.azattyq.org/content/kazakhstan_american_students_practice_public_diplomacy/24914798.html
- 5 Калмыков А.А. Дифференциация пространств общественной связности // Медиа курсы коммуникации и проблемы общественного диалога: сборник статей. – СПб.: Изд-во Политехнический. 2011.

References

- 1 Abjaparova L.J. «Xaliquiy diplomatiya-xaliquaraliq gwmanitarliq intimaqtastiqtin damu kepilii retinde (qazaq-turik qatinastari misalinda)». Almati. 2014
- 2 James Pamment. New Public Diplomacy in the 21st Century. A comparative study of policy and practice.USA.NY.2013
- 3 <http://www.azattyq.mobi/a/1161696.html>
- 4 http://www.azattyq.org/content/kazakhstan_american_students_practice_public_diplomacy/24914798.html
- 5 Kalmykov A.A. Differentiatia prostranstv v obshestvennoi sviaznosti//Media kursi comunicacii problem obshestvennogo dialoga: collectia statiei. – Sbornic.: Sbornic statei Polytechnicheskogo Universiteta. 2011